№2 ХАТТАМА

Күні:27.10. 2025жыл

Тақырыбы:«Оқу сауаттылығын дамыту – сапалы білімнің негізі»

Күн тәртібі

1. І тоқсан қорытындысы.
2. Оқу сауаттылығын дамытудағы тиімді әдістер.
3. Ашық сабақтарды талдау.
4. Қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі.
5. Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижесі.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі І тоқсанның қорытындысына талдау жасап, бастауыш сыныптардағы білім сапасы, оқу үлгерімі, БЖБ және ТЖБ нәтижелері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Талдау барысында:

- білім сапасының мониторингі;
- оқу жетістіктерінің салыстырмалы көрсеткіштері;
- оқу, математика және жаратылыстану пәндері бойынша білім деңгейі;
- оқу техникасының нәтижелері;
- функционалдық сауаттылық көрсеткіштері;
- үлгерімі төмен және дарынды оқушылардың жетістіктері қарастырылды.

Сонымен қатар білім сапасын арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесі сараланып, алдағы кезеңде жетілдіруді қажет ететін бағыттар айқындалды.

Сөйледі:

Пән мұғалімдері әр сыныптың білім көрсеткіштері бойынша пікірлерін білдіріп, оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру бағытындағы жұмыстарын ортаға салды.

Қаулы

1. І тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жалғастырылсын.
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мұғалім оқу сауаттылығын дамытуға арналған тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдер бойынша тәжірибесімен бөлісті.

Баяндама барысында:

- мәтіналды, мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі тапсырмалар;
- тірек сөздермен жұмыс;
- дәлелді жауап беру;
- мәтінді талдау және жоспар құру;
- оқушылардың сыни ойлауын дамыту тәсілдері;
- жасанды интеллект құралдарын оқу тапсырмаларын әзірлеуде тиімді пайдалану тәжірибесі таныстырылды.

Оқу сауаттылығы барлық пәнде қалыптасатын негізгі құзыреттілік екендігі атап өтілді.

Сөйледі:

Мұғалімдер тәжірибеде қолданылып жүрген тиімді әдістерімен бөлісіп, авторлық тапсырмалар жинақтарын таныстырды.

Қаулы

1. Оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тиімді әдістер сабақтарда жүйелі қолданылсын.
2. Мұғалімдер өзара тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
3. Авторлық тапсырмалар банкі толықтырылсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Өткізілген ашық сабақтарға әдістемелік талдау жасалды.

Талдау барысында:

- сабақ мақсатының оқу мақсатымен сәйкестігі;
- белсенді оқыту әдістерінің тиімділігі;
- саралау тәсілдері;
- қалыптастырушы бағалау;
- цифрлық ресурстарды пайдалану;
- оқушылардың оқу белсенділігі;
- кері байланыс сапасы қарастырылды.

Ашық сабақтардың кәсіби тәжірибе алмасудағы маңызы ерекше екендігі айтылды.